

ТОҒЫЗЫНШЫ абзац "Берешек пен өсімпұлды өндіріп алу туралы кеден

органының ескертуіне шағым он күн ішінде берілуі тиіс." деген сөйлеммен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

оныншы абзацта "орындау мерзімі" деген сөздердің алдында "Қазақстан  
Республикасы Кеден кодексінің 350-бабына сәйкес" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

мынадай мазмұндағы он бірінші, он екінші абзацтармен толықтырылсын:

"Ескертуге шағым жасалған жағдайда, ескертуде қамтылған талаптарды  
орындау мерзімін есептеу шағым түскен күнінен бастап шағым бойынша  
шығарылған шешім заңды күшіне енген күнін қоса алған уақытқа дейін  
т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы .

Бұл ретте, шағым өсімпұлдың есептелуін тоқтатпайды.";   
он екінші абзацта "ашып жазу" деген сөздерден кейін "\_\_\_\_\_ бетте" деген  
сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау  
комитеті (Қ-К.Ж. Кәрбозов) осы бұйрықтың Қазақстан республикасының Әділет  
министрлігінде тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми  
жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енеді.

*Министр*